

*Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ*

*Қамқоршылар күні аясында өткізілген  
«Қамқоршы апталығы» бойынша  
АНЫҚТАМА*

*Жоспарға сәйкес.*

**29 қазан – елімізде «Қамқоршы күні»** ретінде аталып өтеді. Бұл – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз қамқорлығына алып, тәрбиелеу жауапкершілігін мойнына алған жандарға арналған ерекше мереке.

Қазіргі таңда мектебімізде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 9 бала тіркелген. Осы балаларға жүрек жылуын сыйлап, тәрбие беріп жүрген 6 қамқоршымыз бар.

Осы орайда Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ ұйымдастырумен мектебімізде 2025 жылғы 13–17 қазан аралығында Қамқоршылар күніне орай жоспарланған «Қамқоршы апталығы» аясында **«Бөлісіп жүрек жылуын»** атты мерекелік іс-шара өткізілді.

**Мақсаты** – оқушыларды отбасылық құндылықтарды қастерлеуге, алғыс айта білу, мейірімділікке тәрбиелеу, қамқоршылардың еңбегін бағалау, балаларға жылулық пен сүйіспеншілік сыйлап жүрген азаматтарға алғыс білдіру.

***Іс-шара барысында:***

- *Қамқоршылармен мектеп директорының жылы отырысы болды;*
- *Қамқоршыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды;*
- *Қамқоршылар "Бабалар сөзі-тәрбие көзі" атты іс -шараның қадірменді қонағы болды.*
- *Оқушылардың концерттік нөмірлері орындалды;*
- *Қамқоршылардың үйлеріне барып, отбасылық ортады жылы әңгімелесу жүргізілді;*

Үш күнге жоспарланған іс-шараға **6 қамқоршы отбасы**, мектеп әкімшілігі, ұстаздар мен оқушылар қатысты.

Шара өте әсерлі, жүрек жылуына толы мереке ретінде өтті.  
<https://www.instagram.com/reel/DQJ4yvCDJUм/?igsh=b2twdGNtcjN0Yzhp>

«Психологиялық қолдау орталығы» КММ балалардың болашағына жанашырлық танытып, үлкен жауапкершілікпен тәрбиелеуге атсалысып жүрген қамқоршылардың еңбегін бағалау мақсатында **29 қазан күні** әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында өтетін «Қамқоршы» күніне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырды. Біздің мектептен 3 қамқоршы қатысты. Өте әсерлі кештен керемет көңіл күйде оралып, өздерінің рахметтерін жаудырып жатты.

**Әлеуметтік педагог:** Кулжабекова С. О  
87767061181

